



Заңды тұлға (оның филиалы немесе өкілдігі),
жеке кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы,
адвокат және кәсіби медиатордың ағымдағы
банктік шоты шартының үлгілік формасы

Бекітілген:
«Jysan Bank» АҚ Басқармасымен
«10» желтоқсан 2019ж. №156-19 хаттама
«Jysan Bank» АҚ-пен ерекше қарым-қатынастағы байланысы бар тұлғалар үшін
Директорлар кеңесімен
«15» қаңтар 2020ж. №15/01/20-01 хаттама

Заңды тұлға (оның филиалы немесе өкілдігі), жеке кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат және кәсіби медиатордың АҒЫМДАҒЫ БАНКТІК ШОТЫ ШАРТЫ

Осы Заңды тұлға (оның филиалы және өкілдігі) және жеке кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат және кәсіби медиатордың банктік шот шарты (бұдан әрі – Шарт) «First Heartland Jysan Bank» АҚ (бұдан әрі - Банк) заңды тұлға (оның филиалы және өкілдігі) және жеке кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат және кәсіби медиаторға (бұдан әрі – Клиент) ағымдағы банктік шотты (төлем карточкаларын пайдаланумен жүргізілетін операциялар көрсетілетін ағымдағы шотты қоспағанда) ашу, жүргізу және жабу жөніндегі операцияларды жүзеге асыру талаптары мен тәртібін белгілейді, сондай-ақ Тараптардың құқықтары, міндеттері, жауапкершілігін (төменде анықталғандай), сондай-ақ Банк пен Клиент арасындағы құқықтық қарым-қатынастардың өзге де ерекшеліктерін (төменде анықталғандай) белгілейді.

Осы Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының талаптарына сәйкес жасалатын қосылу шарты болып табылады және Клиент оларды осы Шартқа қосылу туралы өтінішке (бұдан әрі – Қосылу туралы өтініші) Клиент (клиенттің уәкілетті өкілі) қол қойып, осы Шартқа жалпы қосылу арқылы ғана қабылдауы мүмкін. Банк және Клиент туралы мәліметтер Қосылу туралы өтініште көрсетіледі. Бұндай кезде Қосылу туралы өтініш пен Шарт тек бірыңғай құжат ретінде қарастырылады.

Клиенттің (оның Өкілінің) Қосылу туралы өтінішке қол қоюы төмендегілерді куәландырады:

- Клиент Шарт талаптарын толық көлемде қандайда да бір ескертпесіз және қарсылықсыз оқығанын, түсінгенін және қабылдағанын;
- Шартта Клиент үшін оның саналы түрде түсінетін мүдделеріне қарай қабылдай алмайтын қандай да бір ауырталдылық талаптардың жоқ екенін;
- Банкке Клиент (оның Өкілі) қол қойған Қосылу туралы өтініш болатын жағдайда Клиент Шартты оқымағаны/түсінбегені/қабылдамағанының дәлелі ретінде Шартта өз қолының болмауына сілтеме жасауға құқығы жоқ;
- Клиент ағымдағы банктік шотты ашу, жүргізу және жабу бойынша барлық шарттармен келіседі;
- Шарттың барлық ережелері Клиенттің мүдделері мен ерік білдіруіне толық сәйкес келеді;
- Клиент Шартты жасасу және ағымдағы банктік шотты ашу үшін қажетті барлық процедураларын орындады;
- шартты жасасу және оның талаптарын орындау, соның ішінде Шарт бойынша кез келген ағымдағы банктік шотты ашу клиенттің құрылтай және басқа да құжаттарын және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе Клиентке қатысты қолданылатын заңнаманың кез келген ережесін бұзбайды және олардың бұзылуына әкелмейді.

Өтініштің мәтінінде басқасы қарастырылмаса, Банк Клиенттен Банк көрсететін ағымдағы банктік шотты ашу, жүргізу және жабу бойынша қызметтерінің шеңберінде (Банктің тиісті белгісін қою арқылы) қабылдаған Шарттың барлық Қосымшалары (болған жағдайда), өтініштер Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

1. Шарттың мәні

1.1. Банк Клиентті Банктің қолданыстағы Тарифтеріне (бұдан әрі – Тарифтер) сәйкес ақылы негізде банктік қызмет көрсетуге қабылдайды. Клиент банктік қызметтерді төлейтін Банктің қолданыстағы Тарифтері Банктің Интернет-ресурсында (www.jysanbank.kz), сондай-ақ Клиент үшін қолжетімді Банк ғимараттарында (операциялық бөлімшелерінде) орналастырылған. Клиент Банкке Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Шот ашу үшін қажетті құжаттарды ұсынған жағдайда Банк Клиентке Клиент қол қойған Қосылу туралы өтініштің негізінде ағымдағы банктік шотты (бұдан әрі – Шот) ашады.

1.2. Шоттың нөмірі, Шоттың валютасы Банктің Қосылу туралы өтінішіндегі тиісті орнында көрсетіледі.

1.3. Егер басқасы Шартта қарастырылмаса, Клиент Қосылу туралы өтініштің негізінде осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын бір немесе бірнеше Шоттар ашуға құқылы.

Клиент Қосылу туралы өтінішті электронды сандық қолтаңбаны пайдалану арқылы «Интернет-Банкинг» немесе «Банк-Клиент» жүйесі арқылы жолдай алады. Бұндай кезде Шарт талаптары Клиент ашатын әр Шотқа қатысты болады.

1.4. Егер басқасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылмаса, Шоттар теңгеде, сондай-ақ шетел валютасында да ашылуы және жүргізілуі мүмкін.

1.5. Шот бойынша шетел валютасында операцияларды жүргізу кезінде операциялар Банк операцияларды жүргізу кезіне белгіленген айырбастау бағамына сәйкес жүргізіледі.

1.6. Банк Электрондық банктік қызметтерді Клиентпен жасалған жеке шарттың негізінде жүзеге асырады. Электрондық банктік қызметтерді ұсыну тәртібі мен талаптары Банктің Интернет-ресурсында (www.jysanbank.kz), сондай-ақ Клиент үшін қолжетімді Банк ғимараттарында (операциялық бөлімшелерінде) орналастырылған. Электрондық банктік қызметтерді ұсыну мәселелері бойынша Банкке хабарласу үшін байланыс телефондары мен мекенжайлар Клиент үшін қолжетімді Банк ғимараттарында (операциялық бөлімшелерінде) орналастырылған.

1.7. Шотта орналастырылған ақша Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда ғана міндетті кепілдік беру нысаны болып табылады. Банк депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылады және бұл 2019 жылғы 04 мамырдағы №16 Куәлікпен расталған.

1.8. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер бойынша Шотты жабу рұқсат етілмеген жағдайларды қоспағанда Шотты жабу осы Шартта қарастырылған тәртіпте және шарттарда жүзеге асырылады.

1.9. Банктің осы Шартқа сәйкес көрсететін қызметтері туралы ақпарат Банктің Интернет-ресурсында (www.jysanbank.kz), сондай-ақ Клиент үшін қолжетімді Банк ғимараттарында (операциялық бөлімшелерінде) орналастырылған.

2. Шоттағы ақшаға иелік ету тәртібі және шарттары

2.1. Клиентке Шот бойынша банктік қызмет көрсету Клиенттермен жұмыс жасау кестесін белгілейтін Банктің ішкі құжатына сәйкес уақыт аралығында (бұдан әрі – операциялық күн) жүргізіледі. Шот бойынша көрсетілген қызметтер үшін комиссиялық сыйақыны Банк Тарифтерге сәйкес ұстап қалады. Банк операциялық күн ұзақтығын дербес өзгертуге құқылы. Тиісті өзгертулер туралы ақпарат Клиентке осындай өзгертулерқолданысқа енгізілгенге дейін 3 (үш) жұмыс күннен кешіктірмей Банктің Интернет-ресурсында (www.jysanbank.kz), сондай-ақ Клиент үшін қолжетімді Банк ғимараттарында (операциялық бөлімшелерінде) орналастырылады.

2.2. Банк төлемдер мен ақша аударымдарын Шоттағы ақшаның қалдығы шегінде жүргізеді. Егер Төлем және/немесе аударым жасауға байланысты Банктің комиссиялық сыйақысының сомасын ескергендегі төлем және/немесе аударым жүргізу үшін ақша жеткіліксіз болған жағдайда Банк Клиенттің төлем құжатын орындаудан бас тартуға құқылы. Банк Клиент ұсынған/жолдаған төлем құжаттарын ішінара орындауды жүзеге асырмайды.

2.3. Шоттағы ақшаға иелік ету Клиенттің Банкке қағаз түріндегі және электрондық тәсілмен жазбаша нұсқаулар ұсынуы арқылы жүзеге асырылады. Жазбаша нұсқаулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген формада немесе ондай болмаған жағдайда Банк қолданатын формада орындалуы тиіс. Төлемдер мен ақша аударымдары туралы нұсқаулар, сондай-ақ оларды орындауды кері қайтару немесе орындалуын кідірту туралы өкімдерді электронды тәсілмен ұсыну Банк пен Клиенттің электронды банктік қызметтер көрсету бойынша қарым-қатынастарын реттейтін және Банкте Шоттың болуына байланысты бекітілетін тиісті шартта қарастырылған негізде және тәртіпте жүргізіледі. Шарт осы Шарттың мәніне қатысты Банктің электронды жүйелер арқылы келіп түскен төлем құжаттарын/нұсқауларды өңдеу мәселелерін реттейді.

2.4. Банк Клиент нұсқауларын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген мерзімде және тәртіпте орындайды.

2.5. Клиенттің кез келген нұсқаулары, соның ішінде салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша нұсқаулары тек операциялық күн ішінде қабылданады. Клиент операциялық күн аяқталғаннан кейін жасаған нұсқауларды Банк келесі операциялық күн басталғанда алынды деп есептеледі.

2.6. Шоттан ақшаны алу (есептен шығару) Клиент, Банк, сондай-ақ үшінші тұлғалар ұсынған, Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес және үлгі бойынша құрастырылған төлем құжаттары негізінде жүзеге асырылады.

2.7. Банк осындай құқық қарастырылған Банкпен жасалған кез келген шарттың негізінде (соның ішінде банктік қарыз шарты), сонымен қатар Банктің Шот бойынша түзету жазбаларын жасауы үшін (Шотқа қате есепке алынған ақша және т.б.), растайтын құжаттар болған жағдайда төлем құжаттарын қолдан жасау фактісін белгілеу үшін қажет болатын жағдайларда, кез келген уақытта Клиент тарапынан қандай да бір қосымша келісімсіз немесе Клиентке хабарлаусыз Шоттан Банкке тиесілі кез келген сомаларды, соның ішінде банктік қарыз шарты бойынша берешек сомасын, ұсынылған банктік қызметтер үшін қолданыстағы Тарифтерге сәйкес Банктің комиссиялық сыйақысы сомасын дебеттеуге/алуға құқылы. Бұндай кезде осындай берешекті өтеу үшін алынатын ақшаны үлестіру Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе тиісті шартта қарастырылған кезектілікпен жүзеге асырылады.

2.8. Клиенттің мөрі¹ жоғалған немесе тозған, ұйымдық-құқықтық формасы өзгерген/атауы өзгерген жағдайда Банк Клиенттің өтініші негізінде және қол үлгілері бар уақытша құжат негізінде (мөрсіз) Клиентке қол үлгілері бар уақытша құжат (мөрсіз) негізінде қызмет көрсетеді. Мөрді дайындау кезеңіне қол үлгілері бар уақытша құжаттың (мөрсіз) қолданыс мерзімі 3 (үш) күнтізбелік күннен аспауы керек.

2.9. Клиенттің бастамасымен жасалған төлем құжаты Банктен Клиенттен нұсқауды алған күннен кейінгі бір операциялық күннің ішінде төлем құжатының орындалмауы туралы хабарламаны алмаған жағдайда, әдепкі қалпы бойынша орындалды деп саналады.

3. Шоттан қолма-қол ақшаны беру және қабылдау

3.1. Ақшаны қабылдау (және ақшаны Шотқа есепке алу), (Шоттан) беруді қамтитын қолма-қол ақшамен жасалатын операцияларды Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте жүргізеді.

3.2. Қолма-қол ақшаны беру Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған төлем құжаттарының негізінде, Шоттағы қолжетімді ақша қалдығы шегінде ақшаны беруге байланысты төленуі тиіс комиссиялық сыйақы сомасын ескере отырып, Шотты басқару бойынша, сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары бойынша шектеулер болмағанда жүргізіледі.

4. Клиенттің валюталық операциясы

4.1. Валюталық операцияларға жататын Шот бойынша төлемдер және/немесе аударымдар Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын ескерумен жүргізіледі.

4.2. Клиент валюталық бақылауды немесе валюталық шектеулерді енгізу, сондай-ақ Шоттағы ақшаға қатысты болатын салықтар мен міндетті төлемдерді немесе оларды пайдаланумен жүргізілетін операцияларды қоса алғанда, бірақ бұлармен шектелмей, шетел валютасына қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе шетел мемлекетінің заңнамасында белгіленген шектеулерге байланысты туындауы мүмкін шетел валютасында Шот ашу мен жүргізуге байланысты тәуекелдікті өзіне қабылдайды.

4.3. Валюталық операцияларды жүзеге асыру кезінде Клиент Банк Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес ұсынуды талап еткен Клиенттің валюталық операцияларын Банк арқылы жүргізуге қатысты құжаттарды, соның ішінде валюталық операцияларды сәйкестендіру үшін қажетті құжаттарды ұсынуға міндетті.

¹ Мөрі бар Клиенттерге қатысты қолданылады

4.4. Клиент өзінің Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу үшін жауапкершілігін, Банктің валюталық бақылау агентінің қызметін жүзеге асыруы, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына, шетелдік салық органдарына және салық агенттеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында және халықаралық келісімдерде белгіленген ақпаратты ұсыну бөлігіндегі міндеттері, сондай-ақ Банктің құқық қорғау органдары мен уәкілетті мемлекеттік органдарға Клиент жол берген Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу туралы хабарлайтыны туралы хабардар екенін растайды.

4.5. Валюталық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасынан ақша шығарылуға бағытталуы мүмкін операциялар жүргізілгенде, клиент валюталық операциялар бойынша төлемдер (немесе) ақша аударымдары туралы ақпаратты валюталық бақылау органдарына беруге келісімін береді. Клиенттің келісім беруі осы Шарттың шеңберіндегі Шот бойынша жүзеге асырылатын барлық төлемдер және (немесе) аударымдарға таралады.

5. Аудиоқызмет

5.1. Клиент Банктен Шот жағдайы туралы мәліметі бар ақпаратты аудиоқызмет көрсету (код сөзі бойынша телефон арқылы сұрау салу) арқылы ала алады. «Шот жағдайы» деген терминнен мынаны түсінуге болады:

- 1) сұрау салған кездегі Шот сальдосы;
- 2) операциялық күн басталғаннан бастап сұрау салғанға дейін Шот бойынша жүргізілген операциялар.

Клиент аудиоқызмет көрсетуді пайдалануға келіскен жағдайда Клиент Қосылу туралы өтініште «код сөзін» көрсетеді.

5.2. Банк Клиент «код сөзін» және Шот нөмірін хабарлаған соң телефонмен сұрау салу негізінде Шоттың (-тардың) жағдайы туралы ақпаратты ұсыну жөніндегі тиісінше қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге міндеттенеді.

5.4. «Код сөзін» бөгде адамға жария еткені туралы Банкке уақтылы хабарламаған жағдайда, Банк Клиенттің Шоты бойынша ақпарат беру туралы кінәрат-талапты қабылдамауға құқылы. Клиент «код сөзін» өзінің қалауы бойынша Банкте Клиенттің заңды өкілі болып табылатын, оның банктік Шоты туралы ақпарат алуға/ұсынуға құқығы бар кез келген тұлғаға хабарлауға құқылы.

5.5. Клиент бөгде адамның «код сөзі» арқылы рұқсат етілмеген пайдалануды болдырмау мақсатында аудиоқызмет көрсету қызметін шектеу туралы телефон арқылы немесе жазбаша (факс арқылы) Банкке хабарлауға міндетті, олай болмаған жағдайда Банк «код сөзіне» рұқсатсыз қол жеткізген тұлғаларға/тұлғалардан ақпарат ұсынғаны/алғаны үшін жауапкершілікте болмайды.

5.6. Клиенттің «код сөзінің» жария болуында Банктің кінәсі болмаса, Банк жауапкершілікте болмайды. «Код сөзі» клиенттің кінәсінен жария болған жағдайда Клиент бұл туралы кідіртпей Банкке хабарлап, жаңа «код сөзін» береді.

6. Шарттың ерекше талаптары

Банктің қалауы бойынша клиент өтінішінің негізінде Клиентке тұрақты немесе уақытша негізде Шартта белгіленген тәртіпте комиссиялық сыйақыны төлеумен осы бапта сипатталғандай Шотты жүргізудің ерекше режимі енгізілуі мүмкін.

Ерекше режимді енгізу Банк Клиенттің тиісті Қосылу туралы өтінішінде белгі қойғаннан кейін немесе осы Шарт жасалғаннан кейін берілген өтініш негізінде жүзеге асырылады.

Ерекше режимді енгізу осындай Қосылу туралы өтініште көрсетілген шарттарда немесе осы Шарт жасалғаннан кейін берілген өтініш негізінде жүзеге асырылады.

6.1. Шотты транзиттік режимде жүргізу.

6.1.1. Банк Қосылу туралы өтініштің негізінде немесе осы Шарт жасалғаннан кейін берілген өтініш негізінде Шот жүргізуді транзиттік режимде жүзеге асыра алады, оған сәйкес қолма-қол ақшаны Шотқа қабылдау/ақшаны қолма-қол ақшасыз Шотқа есепке алу олардың Шотта аккумуляциясы және Клиенттің Банкте ашқан және басқа банк шоттарына немесе «Ақша жіберушінің тұрақты өкімі» құжатында көрсетілген шоттарға тұрақты қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын одан әрі жүзеге асыру мақсатында жүргізіледі;

6.1.2. Транзиттік режим Клиенттің қалауы бойынша кез келген немесе жаңадан ашылатын Шотқа белгіленуі мүмкін.

6.1.3. Банк Шарттың 6.1.1. тармағында қарастырылмаған операцияларды жүргізбейді, ал Клиенттің олардың жүргізілуін талап етуге құқығы жоқ. Осы Шарттың 9-тарауында көрсетілген және осы тармақ шарттарына қарсы келетін Клиенттің құқықтары транзиттік режимнің әрекет ету кезеңінде осы Шарт Тараптарының құқықтық қатынастарына қатысты жарамсыз деп танылады;

6.1.4. Кезекті қолма-қол ақшасыз төлем және (немесе) ақша аударымы үшін Клиенттің банктік шотында ақша болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда, Банк Клиентке банктік шотта ақша жоқ немесе жеткіліксіз екендігі жөнінде жазбаша түрде немесе осы Шарттың 16.11-тармағында көрсетілген басқа байланыс құралдары арқылы хабарлайды.

6.1.5. Транзиттік режимде Шотты жүргізу Клиенттің өтініші бойынша тоқтатылады.

6.2. Шотты лимиттелген режимде жүргізу

(Клиент Шоттағы ақшаға иелік ету құқығын филиалға немесе өкілдікке беруі)

6.2.1. Банк Қосылу туралы өтініштің немесе осы Шарт жасалғаннан кейін берілген өтініш негізінде лимиттелген режимде жүргізілетін Шот бойынша банктік операцияларды Клиенттің Банкке берген және Клиент бекіткен Клиент филиалы/өкілдігінің айлық бюджеті шегінде жүзеге асырады;

6.2.2. Лимиттелген режимде жүргізілетін Шотқа Клиент филиалы/өкілдігінің айлық бюджетінде қарастырылған сомадан кем сомада ақша түскен жағдайда Банк Шот бойынша шығыс операцияларын Клиент филиалы/өкілдігінің нұсқауларының түсу кезектілігіне сәйкес түскен сома шегінде Клиент филиалы/өкілдігінің айлық бюджетінен артық емес сомада жүзеге асырады;

6.2.3. Банк лимиттелген режимде Шотты жүргізуді Клиенттің бекіткен Клиент филиалы/өкілдігінің айлық бюджетінің түпнұсқасын/куәландырылған көшірмесін алғаннан кейін ғана жүзеге асырады. Шотты жүргізуді Банк Клиент Банкке Клиенттің бекіткен Клиент филиалы/өкілдігінің айлық бюджетінің көшірмесін бермеген жағдайда стандартты тәртіпте жүргізіледі;

6.2.4. Клиент филиалы/өкілдігінің айлық бюджетіне өзгерістер енгізуге құқылы. Осындай өзгерістер Банк үшін Банк Клиент филиалы/өкілдігінің айлық бюджетіне өзгерістердің түпнұсқасын/ куәландырылған көшірмесін бергеннен кейін ғана міндетті болып табылады.

6.2.5. Клиент филиалы/өкілдігі (олардың уәкілетті тұлғалары) Банкке лимиттелген режимде жүргізілетін Шот бойынша төлем құжаттарын/банктік операцияларды жүргізуге нұсқауларды Клиент филиалы/өкілдігінің айлық бюджетіне сәйкес беруге міндетті;

6.2.6. Банк Клиент филиалы/өкілдігінің (олардың уәкілетті тұлғаларының) төлем құжаттарын орындаудан/нұсқауларын, егер бұндай төлем құжаттарын/нұсқауларды орындау Клиент филиалы/өкілдігінің айлық бюджетін арттыруға әкелетін болса орындаудан бас тартуға құқылы. Клиент Банктің төлем құжаттарын және Клиенттің (Клиенттің Уәкілетті тұлғаларының) нұсқауларын орындаудан бас тарту нәтижесіндегі залал тәуекелдігін толық көлемде өзіне алады.

6.3. Клиенттің инкассоланған ақшасын Шотқа есепке алу арқылы қабылдау және қайта есептеу

6.3.1. Банк Клиенттің инкассоланған қолма-қол ақшасын қабылдауды, қайта есептеуді және есепке алуды заңнамаға және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес әрекет ететін Клиенттің ағымдағы/жинақ ақша шотына инкассоланған қолма-қол ақшаны қабылдау, қайта есептеу және есепке алу туралы жеке шартында анықталған тәртіпте жүзеге асырады, ал Клиент Банктің тарифтеріне сәйкес қызмет көрсету үшін төлем жүргізеді.

6.3.2. Банк Клиенттің ағымдағы/жинақ ақша шотына инкассоланған қолма-қол ақшаны қабылдау, қайта есептеу және есепке алу шартында көрсетілген Шотқа ақшаны, заңнамаға және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес әрекет ететін Шарттың талаптарына сәйкес қабылдау және қайта есептеу нәтижелері бойынша анықталған Клиенттің инкассоланған қолма-қол ақшасының нақты сомасын есепке алуды жүзеге асырады.

6.4.«Жылдам түсім» жүйесі бойынша төлемдер қабылдау және аудару

6.4.1. Банк Қосылу туралы өтініштің не осы Шарт жасалғаннан кейін берілген өтініштің негізінде, Қосылу туралы өтініште не осы Шарт жасалғаннан кейін берілген өтініште көрсетілген қызметтер және/немесе тауарлар үшін "жылдам түсім" жүйесі бойынша Клиенттің пайдасына аударуды одан әрі жүзеге асыру үшін жеке тұлғалардан (бұдан әрі – Төлеушілер) ұлттық валютада төлемдер қабылдауды жүзеге асыра алады.

6.4.2. Банк Төлеушілерден Клиенттің пайдасына қолма-қол ақшамен төлемдерді Төлеушілердің келесідей міндетті параметрлерді көрсете отырып ұсынатын Клиент/Банктің төлем құжаттарының негізінде қабылдайды: Клиенттің атауы және БСН/ЖСН, төлем сомасы есептеуге жататын шот нөмірі, Банктің атауы және БСК, Төлеушінің ТАӘ, төлеушінің ЖСН (бар болса), дербес шот (бар болса), төлемнің мақсаты, сондай-ақ төлем сомасы мен күні және басқа да мәліметтер.

6.4.3. Төлеуші төлемді жүзеге асыру үшін қажетті ақша сомасын енгізбеген және Шарттың 10.7-тармағында көрсетілген төлем құжатына қойылатын талаптарды сақтамаған кезде Банк төлем қабылдаудан бас тартуға құқылы.

6.4.4. Төлеушілерден қабылданған төлемдер сомасын Банк Қосылу туралы өтініште не осы шарт жасалғаннан кейін берілген клиенттің өтінішінде көрсетілген Клиенттің шотына Төлеуші төлем жасауға бастама жасаған күні есепке алады.

6.4.5. Көрсетілген қызметтер үшін комиссиялық сыйақыны ұстап қалуды Банк Қосылу туралы өтініште не осы Шарт жасалғаннан кейін берілген өтініште көрсетілген мөлшерде және шарттарда жүзеге асырады.

6.4.5.1. Егер комиссиялық сыйақы Клиенттен ұсталса, Клиент Банкке күн сайын төлем сомасынан немесе клиенттің шотынан ұстап қалу арқылы комиссиялық сыйақы алуды тапсырады, оған Клиент өзінің сөзсіз және қайтарымсыз келісімін береді.

6.4.5.2. Төлеушіден комиссиялық сыйақы төлем қабылданған сәтке дейін алынған жағдайда, Банк пен Клиент Төлеушінің сыйақы төлеу қажеттігі туралы хабардар етеді.

6.4.6. Банк Клиентті өткен күн үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша ақша жөнелтушілердің жиынтық тізілімін электрондық түрде жіберу арқылы және Қосылу туралы өтініште не осы шарт жасалғаннан кейін берілген өтініште көрсетілген мерзімділікпен қабылданған төлемдер туралы хабардар етеді.

6.4.7. Төлеушілердің сұрау салулары бойынша және олар жүргізілген төлем, деректері (деректемелері) қате есепке алынған төлемдер туралы төлем құжатын ұсынғаннан соң, Клиент түзетулер енгізуге және тиісті төлем сомасын есепке алуға бағытталған барлық әрекеттерді жүзеге асырады.

6.4.8. Егер төлем құжатындағы қатені Төлеуші жіберсе, Банк төлем құжаттарында және/немесе олардың негізінде Төлеушілердің төлемдері қабылданатын құжаттарда Төлеушілер көрсеткен мәліметтердің, оның ішінде қате орындалған төлем құжаттарының шындыққа сәйкестілігі үшін жауап бермейді.

6.4.9. Банк төлемдерді қабылдауға және өңдеуге арналған, Банк тікелей бақылайтын жүйелердің тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және Банкке байланысты емес себептер бойынша жұмыс тоқтатылған жағдайда қызмет көрсетуді қалпына келтіру үшін барлық мүмкін шараларды қабылдайды.

7. Банктік шотты тікелей дебеттеу

7.1. Клиент Банкке осы Шартқа сәйкес Банкке тиесілі Банктің талаптары (банктік шотты тікелей дебеттеу) негізінде Клиенттің Банкке ашылған кез-келген шотынан ақшаны алуға алдын ала келісімін береді.

7.2. Клиентпен Клиенттің келісімінсіз оның банктік шотынан ақша алуға құқығы көрсетілген шартты (бұдан әрі – Келісім) жасасқан тұлғаның талабы бойынша Клиенттің шотынан ақша алуды Банк Клиенттің келісімінсіз Қосылу туралы өтініштің және аталған келісім көрсетілген осы Шартты жасасқаннан кейін берілген өтініштің негізінде, сондай-ақ келесі құжаттардың негізінде Шотты тікелей дебеттеу арқылы, жүзеге асырады:

- Келісімнің және оған жасалған қосымша келісімдердің көшірмелері;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылатын төлем құжаты.

7.3. Клиентте төлем құжаттарын, соның ішінде Банктің төлем ордерін орындауға қажетті ақша жоқ немесе жеткіліксіз болған кезде Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте олардың орындалуына жеткілікті сома Клиенттің Шотына түскенге дейін оларды картотекада сақтайды.

8. Банктің комиссиялық сыйақысы

8.1. Клиент Шотты ашу, жүргізу, сондай-ақ ол бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін Банкке Тарифтерде қарастырылған мөлшерде комиссиялық сыйақы төлейді. Клиентке дербес тарифтер белгіленген жағдайда осындай тарифтерде көрсетілген Банк қызметін төлеу дербес тарифтерге сәйкес оларды қолдану мерзімінің ішінде жүзеге асырылады.

8.2. Тарифтер Банктің Интернет-ресурсында ([www.jysanbank.kz.](http://www.jysanbank.kz)), сондай-ақ Клиент үшін қолжетімді Банк ғимараттарында (операциялық бөлімшелерінде) орналастырылады. Банк ақпаратты Интернет-ресурсында ([www.jysanbank.kz.](http://www.jysanbank.kz)), сондай-ақ Клиент үшін қолжетімді Банк ғимараттарында (операциялық бөлімшелерінде) орналастырып, Банк қызметтерінің Тарифтеріне өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізуге бастамашы болуға құқылы. Тиісті өзгертулер және/немесе толықтырулар туралы ақпарат Клиентке бұндай өзгертулер және/немесе толықтырулар қолданысқа енгізілгенге дейін 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірмей хабарланады.

8.3. Клиенттің Клиентке Тарифтерге енгізілген өзгертулер және/немесе толықтыруларды енгізу туралы хабарланған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде Тарифтерге енгізілген өзгертулер және/немесе толықтыруларды қабылдамау туралы өтінішті Банкке бермеуі Клиенттің Тарифтерге өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу туралы Клиентке хабарлау мерзімі аяқталған күннен бастап күшіне енетін жаңа Тарифтермен келісетінін білдіреді.

Клиент Банктің комиссиялық сыйақысын төлеуді қолма-қол ақшамен (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып), Шарттың талаптарын және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып банктік шоттан тікелей дебеттеу арқылы қолма-қол ақшасыз аудару арқылы жүзеге асырады.

9. Клиенттің құқықтары мен міндеттері

Клиент құқылы:

9.1. Қазақстан Республикасы заңнамасында, осы Шартта белгіленген тәртіпте Шоттағы ақшаға дербес иелік етуге;

9.2. Шартта белгіленген талаптарды ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үшінші тұлғаларға Шотқа және/немесе ондағы ақшаға иелік етуге сенім білдіруге;

9.3. Қазақстан Республикасының банктік заңнамасында белгіленген қолма-қол ақшасыз төлемдердің/аударымдардың барлық формасын пайдалануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ішкі құжаттарында және осы Шартта белгіленген тәртіп пен шарттарда қолма-қол ақшамен операция жүргізуге;

9.4. Банк белгілеген операциялық күннің ішінде Шоттағы қалған ақша шегінде Банкке Шот бойынша операция жүргізуге нұсқау беруге;

9.5. Банк Тарифтерімен танысуға;

9.6. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Шартта басқасы қарастырылмаса, Банкке Шотты жабу туралы өтінішті кез келген уақытта беруге;

Клиент міндетті:

9.7. Шот ашу үшін, сондай-ақ қажет болғанда Шот бойынша операция жүргізу үшін Қазақстан Республикасы заңнамасына, Банктің ішкі құжаттарына және осы Шартқа сәйкес Банк талап еткен тиісті үлгіде ресімделген құжаттарды ұсынуға;

9.8. Қазақстан Республикасы заңнамасына және Банк талаптарына сәйкес Банк белгілеген операциялық күн ішінде Банктің Шотқа иелік ету нұсқауын жазбаша ресімдеуге;

9.9. Банктің қассасына қолма-қол ақша салу немесе Тарифтерді төлеу үшін қажетті ақша сомасын Шотта қамтамасыз ету арқылы бірауқытта Шот бойынша тиісті операцияны жүргізіп, Банк қызметтерін Шот бойынша операциялар жасау сәтінде әрекет ететін Тарифтер бойынша төлеуге;

9.10. Шоттан қолма-қол ақшаны алудың болжамды күнінен бір күн бұрын Клиенттің қолма-қол ақша қажетілігін анықтау үшін Банкке қассалық өтінімді ұсынуға. 10 (он) миллион теңге және одан да көп сомадағы қассалық өтінімге шығын мақсатын растайтын құжаттарды ұсынуға;

9.11. Төлем құжаты орындалғаннан кейін осындай орындаудың дұрыстығын анықтауға және қателікпен орындалған жағдайда анықталған қателік жөнінде Банкке қате төлем анықталғаннан кейін 3 (үш) операциялық күннің ішінде, бірақ қате нұсқау немесе рұқсат етілмеген төлем және (немесе) ақша аударымы жүргізілген күннен бастап 3 (үш) жылдан кешіктірмей хабарлауға. Клиент қате төлем туралы хабарламада төлем құжатының деректемелерін және өзі анықтаған қате деректемелерді көрсетеді.

9.12. Шотқа иелік ету құқығын үшінші тұлғаларға ұсыну кезінде, сенімхат негізінде Шотқа иелік етуге уәкілетті тұлғалардың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Банкке бұл жайында жазбаша түрде немесе Тараптармен келісілген басқа байланыс құралдары бойынша хабарлауға және мұндай өзгертулерді растайтын құжаттардың түпнұсқасын 1 (бір) жұмыс күннің ішінде ұсынуға. Клиент хабарлау тәртібін орындамаған/тиісті түрде орындамаған жағдайда Банк Клиентке келтірілуі мүмкін зиян үшін жауапкершілікте болмайды;

9.13. Құрылтай құжаттарына, мекенжай деректемелеріне немесе телефон, факс нөмірлеріне өзгерту/толықтыру енгізгенде, сондай-ақ осы Шарт талаптарының орындалуы үшін маңызы бар басқа да өзгертулер енгізілгенде Банкке осындай өзгертулер енгізілген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күннің ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес ресімделген өзгертулерді растайтын құжаттарды ұсыну арқылы жазбаша түрде немесе осы Шартта көрсетілген басқа байланыс құралдары бойынша хабарлауға міндетті;

9.14. Тарифтердің өзгергені, Шарттың өзгертілгені және толықтырылғаны туралы Банктің Интернет-ресурсында ([www.jysanbank.kz.](http://www.jysanbank.kz)), сондай-ақ Клиент үшін қолжетімді Банк ғимараттарынан (операциялық бөлімшелерінде) дербес білуге.

9.15. Валюталық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасынан ақша шығарылуға бағытталуы мүмкін осындай операциялар жүргізілген жағдайда, валюталық

операциялар бойынша төлемдер (немесе) ақша аударымдары туралы ақпаратты валюталық бақылау органдарына беруге келісін беруге.

10. Банктің құқықтары мен міндеттері

Банк құқылы:

10.1. Шот ашу үшін Қазақстан Республикасы заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған кез келген құжаттарды, сондай-ақ Шот бойынша операция жүргізу кезінде және басқа да банктік қызметтерді ұсыну кезінде қажетті қосымша құжаттарды сұратуға.

10.2. Қолма-қол ақшаны алу кезінде Клиенттен ақшаны берудің болжамды күнінен бір күн бұрын кассалық өтінімді беруін талап етуге.

10.3. 9.10, 10.2-тармақшаларда көрсетілген кассалық өтінімді 3 (үш) жұмыс күннің ішінде қарауға.

10.4. Осы Шарттың 8.2, 8.3.-тармақшаларында қарастырылған тәртіпте Банктік қызмет көрсету Тарифтеріне біржақты түрде өзгерту енгізуге.

10.5. Үшінші тұлғаның нұсқауы бойынша Шоттан ақшаны алуды (есептен шығаруды) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізуге.

10.6. Осы Шарттың 2.7-тармағында белгіленген жағдайларда осы Шарт негізінде алдын ала хабарлаусыз және Клиенттің келісімінсіз оның Банкте ашылған кез-келген банктік шоттарынан ақшаны алуға (есептен шығаруға).

10.7. Банкке өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыруға қажетті құжаттар мен мәліметтері Клиент ұсынбаған жағдайда; Қазақстан Республикасы заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкеспейтін формада толтырылған және ұсынылған төлем құжаттарын берген жағдайда; төлемді/аударымды жүзеге асыру үшін қажетті ақша сомасын Клиент қамтамасыз ете алмаса; төлем құжатында санмен және жазбаша көрсетілген сомалардың сәйкессіздігі анықталса; егер төлем құжаты Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген және/немесе Шарттың талаптарындағы басқа талаптарды бұзғанда, егер төлем құжатын қолдан жасалғандығының белгісі байқалса Клиенттің төлем құжатын орындаудан бас тартуға.

10.8. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайлар мен тәртіпте Клиенттің Шотын біржақты тәртіпте жабуға.

10.9. Банкке ашылған Шотқа уәкілетті мемлекеттік органдардың және лауазымды тұлғалардың банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері, үшінші тұлғалардың банктік шоттан ақшаны алу туралы талабы қойылған және (немесе) оның банктік шотында тыйым салынған ақша сомасының жеткіліктісіз болуы шартында банктік шоттағы ақшаға тыйым салынған жағдайда Клиентке қосымша Шот ашудан бас тартуға;

10.10. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте және жағдайларда Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтатуға және операцияларды жүргізуден бас тартуға.

10.11. Егер Клиент ұсынған мәліметтердің дұрыстығын тексеру мүмкін болмаған жағдайда немесе Клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді жаңарту үшін қажетті мәліметтер мен ақпаратты Клиент ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ Клиентке қызмет көрсету барысында Клиент іскерлік қарым-қатынасты Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар туралы Қазақстан Республикасының заңында қарастырылғандай қылмыстық жолмен немесе терроризмді қаржыландыру арқылы алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) мақсатында пайдаланатынына күдік туындаған жағдайда Клиентпен іскерлік қарым-қатынасты тоқтату.

10.12. Қазақстан Республикасының «Төлемдер және төлемдік жүйелер туралы» Заңымен және Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар туралы» Заңында қарастырылған негіздер бойынша және тәртіпте Шартты орындаудан бас тарту. Осы Шартты орындаудан бір жақты бас тарту Қазақстан Республикасының «Төлемдер және төлемдік жүйелер туралы» Заңымен белгіленген жағдайларда жол берілмейді. Банк осы Шарттың деректемелерінде көрсетілген Клиенттің мекенжайына шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күннің ішінде электрондық нысанда немесе пошта арқылы (Банктің қалауы бойынша) осы Шартты (толық) орындаудан бас тарту жөнінде хабарламаны жолдайды. Шарт хабарламада көрсетілген күннен бастап бұзылған болып саналады, бұндай кезде Тараптар арасында қандай да бір келісімдер жасасу талап етілмейді.

10.13. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру бойынша қаржы мониторингін жүзеге асыратын және басқа да шараларды қолданатын уәкілетті мемлекеттік органның Клиентті және/немесе Клиенттің бенефициарлық меншік иесін Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-әрекет заңнамасына сәйкес терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне қосқаны жөніндегі ақпараттың негізінде Клиенттің Шоттары бойынша операцияларды тоқтата тұруға.

10.14. Банкке уәкілетті мемлекеттік органның және (немесе) лауазымды тұлғадан Шот бойынша шығыс операцияларды тоқтата тұру жөніндегі шешім және (немесе) өкім немесе Клиенттің Шотындағы ақшаға тыйым салу туралы актілер түскен жағдайда Шот бойынша операцияларды тоқтата тұруға, сондай-ақ мақсатты тағайындалуы бар және Банк пен Клиент арасында жасалған Кредит беру шартының негізінде Шотқа түскен қарыз қаржының сомасы шеңберінде Клиентке Шоттағы ақшаға иелік етуді шектеуге.

10.15. Егер Клиентте Шотқа қатысты орындалмаған талаптар немесе мүлікке иелік етуге уақытша шектеу туралы алынбаған актілері, уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) лауазымды тұлғалардың Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері, сондай-ақ Клиенттің Шотындағы ақшасына тыйым салу туралы актілер болған кезде Шотты жабудан бас тартуға.

Банк міндетті:

10.16. Клиентті қолданыстағы Тарифтермен осы Шарттың 8.2-тармағында қарастырылған тәртіпте таныстырып шығуға;

10.17. Клиент барлық құжаттарды және басқа да Банк сұратқан қосымша өзге де құжаттарды ұсынған кезде Клиент қол қойған Шотқа қосылу өтінішіне сәйкес, жеке сәйкестендірме кодын берумен, Клиентке Шотты (-тарды) ашуға;

10.18. Шотты ашқаннан кейін Клиентке дербес сәйкестендіру кодтарын көрсету арқылы Шоттарды ашу туралы анықтаманы ұсынуға;

10.19. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасында немесе осы Шартта басқасы қарастырылмаса, Клиенттің берген өтінішіне сәйкес, бірақ Клиенттің өтінішін алғаннан күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күннен кешіктірмей Клиенттің Шотын жабуға;

Шот бойынша операцияларды Қазақстан Республикасы заңнамасына және осы Шартқа сәйкес жүзеге асыруға;

10.20. Клиенттің Шоты бойынша банктік құпияға кепілдік беруге міндетті. Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Шартта қарастырылған жағдайларды қоспағанда Клиенттің келісімінсіз Шот жағдайы туралы және операциялар бойынша ақпарат ұсынбауға;

10.21. Үшінші тұлғалар, соның ішінде мемлекеттік органдар және (немесе) лауазымды тұлғалар және/немесе Қазақстан Республикасының жеке сот орындаушылары ұсынған төлем құжаттарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және мерзімде орындауға.

10.22. Уәкілетті мемлекеттік орган немесе лауазымды тұлға Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімді және (немесе) өкімді, мүлікке иелік етуді уақытша шектеу туралы актіні қайтарып алғаннан кейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде, Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» және «Оңалту және банкроттық туралы» заңдарында анықталған тәртіпте Клиенттің Шоты бойынша операцияларды жаңарту. Клиенттің Шотында орналасқан ақшаға салынған тыйым Клиенттің ақшасына тыйым салу құқығы бар тұлғаның ақшаға тыйым салу туралы ол бұрын қабылдаған актіні жою туралы тиісті жазбаша хабарламасы негізінде немесе Банк Шотта орналасқан ақшаға бұрын салынған тыйымды орындау ретінде ұсынған инкассольді өкімді орындағаннан кейін немесе Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңында қарастырылған жағдайларда алынады.

10.23. Клиент талабы түскен күннен кейінгі операциялық күннен кешіктірмей төлем құжаттарының қағаз үлгісіндегі даналарын қоса беріп, Шот бойынша үзінді көшірме беру арқылы Шот бойынша жүргізілген операция туралы ақпаратты ұсынуға.

10.24. Клиентке жазбаша түрде немесе осы Шарттың 16.11-тармағында көрсетілген басқа байланыс құралдары арқылы (Банктің қалауы бойынша) инкассольді өкімді қоспағанда, төлем құжатын орындаудан бас тарту туралы хабарлауға. Осындай хабарламаны жолдау күні Төлем құжатын орындаудан бас тарту күні болып саналады.

11. Тараптардың жауапкершілігі

Банктің жауапкершілігі:

11.1. Клиентке банктік қызмет көрсетуге байланысты бұзушылық болған жағдайда Банк Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген шектерде жауапкершілікте болады;

11.2. Төлем тапсырмасы бойынша төлемді жүзеге асыруға Банкте ақша сомасы жеткілікті болған жағдайда Клиенттің төлем тапсырмасын орындаудағы Шот бойынша Клиенттің нұсқауларын орындамағаны үшін, Шотқа ұсынылған төлем тапсырмасының төленбегені үшін Банк Клиенттің жазбаша талабы бойынша оған мерзімі кешіктірілген әр күн үшін операция сомасынан 0,01% (нөл бүтін жүзден бір пайыз) мөлшерінде тұрақсыздық төлемінің сомасын Клиенттің Шотына есепке алу арқылы төлейді.

11.3. Осы Шарттың талаптары бұзылған кезде кез келген жағдайларда Банктің жауапкершілігі мөлшері тиісті құжатпен расталуы тиіс заңсыз әрекеттермен/әрекетсіздіктермен Клиентке келтірілген нақты залалдың мөлшерінде шектеледі.

Клиенттің жауапкершілігі:

11.4. Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған операциясының заңды екендігіне, сондай-ақ жасалатын операцияларының оның жарғылық қызметіне сәйкестігіне жауапкершілікте болады, сондай-ақ Банкке Шот ашу үшін және ол бойынша операцияны жүргізу үшін ұсынылатын құжаттарының дұрыстығы үшін жауапкершілікте болады.

Жауапкершілікті алып тастау:

11.5. Тараптар еңсерілмейтін күш жағдайларының, соның ішінде келесілерді қоса алғанда бірақ бұлармен шектелмей: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, уәкілетті мемлекеттік органдар қабылдаған актілер/шектеу-тыйым салу сипатындағы шаралар, бағдарламалық қамтамасыз етудің істен шығуы, электр энергиясының өшірілуі, байланыс желісінің зақымдануы және Тараптардың еркінен тыс болатын және осы Шарттың мәніне тікелей қатысы бар басқа да жағдайлар салдарынан осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершілікте болмайды;

11.6. Банк Клиенттің төлем құжаттарының дұрыс көрсетілмеген деректемелерін орындағаны үшін, соның ішінде егер төлем құжатындағы қателікті Клиент жіберген жағдайда қателікпен орындалған төлем құжаты бойынша жауапкершілікте болмайды.

11.7. Клиенттің Шотынан оның келісімінсіз ақшаны алу (есептен шығару) негізділігі үшін төлем құжатының бастамашысы жауапкершілікте болады. Банк Клиенттің Шоттарынан оның келісімінсіз ақша алуға (есептен шығаруға) қарсы болу мәнісі бойынша наразылығын қарастырмайды.

11.8. Банк осы Шарт бойынша міндеттерін орындамаған немесе тиісті түрде орындалмағаны үшін Клиент алдында Клиенттің немесе үшінші тұлғаның толық немесе нақты емес, түсініксіз жағдайынан туындаған, және Банкке қатысы жоқ басқа да себептері бойынша жауапкершілікте болмайды.

11.9. Банк Клиенттің осы Шартқа қарастырылған міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Клиентке келтірілген залал үшін жауапкершілікте болмайды;

11.10. Банк Клиентке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шот бойынша операцияларды тоқтата тұру және/немесе Шоттағы ақшаға тыйым салу нәтижесінде Клиентке келтірілген шығындар үшін, сондай-ақ үшінші тұлғалардың Клиенттің Шотынан оның келісімінсіз ақшаны алуы (есептен шығаруы) нәтижесінде Клиентке келтірілген шығын үшін жауапкершілікте болмайды.

11.11. Банк Клиенттің Шотқа иелік етуге уәкілетті тұлғаларының іс-әрекеттеріне, Шарттың 9.12- тармағына сәйкес мұндай тұлғалардың ауысқаны туралы Банкке Клиент хабарламаған/уақтылы хабарламаған жағдайда жауапкершілікте болмайды.

12. Шарттың қолданыс шарттары

12.1. Қосылу туралы өтініште басқасы қарастырылмаса, Банк Клиент (оның Өкілі) қол қойған Қосылу туралы өтінішті қабылдаған кезден бастап оған тиісті белгі қою арқылы Қосылу туралы өтініш қабылданған, ал Шарт жасалған болып есептеледі. Шарттың қолданыс мерзімі шектелмеген және Тараптардың мүдделілігінің бар болуымен анықталады.

12.2. Банкпен ерекше қарым-қатынастағы тұлға болып табылатын Клиентпен Шарт жасасу «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 40-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

12.3. Шотты жабу Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта қарастырылған жағдайларды қоспағанда Клиенттің өтініші бойынша кез келген уақытта, бірақ Клиенттің өтінішін алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

13. Дауларды шешу тәртібі

13.1. Осы Шартта реттелмеген мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13.2. Осы Шартты орындау немесе оған қатысты және шарт жасасу процесінде туындаған (соның ішінде рұқсат етілмеген операциялар бойынша) барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей қарастырады.

13.3. Келіссөздер арқылы реттелмеген осы Шартқа байланысты барлық даулар (келіспеушіліктер) Банктің немесе оның филиалының (Банктің қалауынша) орналасқан мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады (азаматтық процестік заңнама талаптарына сәйкес айрықша соттылық белгіленген жағдайларды қоспағанда).

13.4. Төлеуші мен ақша алушылар арасында есеп айырысу бойынша өзара наразылық тікелей өздерінің арасында Банктің қатысуынсыз қаралады.

14. Шартты өзгерту тәртібі

14.1. Банк Шартқа өзгертулер және/немесе толықтырулар туралы ақпаратты Банктің Интернет-ресурсында (www.jysanbank.kz), сондай-ақ Клиент үшін қолжетімді Банк ғимараттарында (операциялық бөлімшелерінде) орналастыру арқылы Шартқа өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізуге бастамашы болуға құқылы. Тиісті өзгертулер және/немесе толықтырулар туралы ақпарат өзгертулер және/немесе толықтырулар қолданысқа енгізілгенге дейін 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірмей клиентке хабарланады.

14.2. Клиенттің Клиентке Шартқа енгізілген өзгертулер және/немесе толықтыруларды енгізу туралы хабарланған кезден бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде енгізілген өзгертулер және/немесе толықтыруларды ескере отырып Шарт талаптарын қабылдамау туралы өтінішті Банкке бермеуі Клиенттің Шарттың жаңа (өзгертілген/толықтырылған) редакциясы туралы Клиентке хабарлау мерзімі аяқталған күннен бастап күшіне енетін Шарттың жаңа (өзгертілген/толықтырылған) редакциясымен келісуін және оған енгізілген өзгертулер және/немесе толықтыруларды ескере отырып толық қосылатынын білдіреді.

14.3. Шартқа өзгертулер және/немесе толықтыруларды енгізгеннен кейін ол өзгертілген/толықтырылған түрде қолданыста болады.

14.4. Қазақстан Республикасы заңнамасына Шартқа өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізуді талап ететін өзгертулер енгізілген кезде Шарттың 14.1.-14.3. тармақтарында белгіленген тәртіпке сәйкес Шартқа өзгертулер енгізілгенге дейін Шарт Тараптары Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті ережелерін басшылыққа алады.

15. Құпиялылық

15.1. Тараптардың осы Шартқа байланысты беретін кез келген ақпараты, сондай-ақ Шартты жасау фактісі құпия ақпарат болып табылады және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары немесе Шарттың талаптарында басқасы қарастырылмаса, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға жария етілмейді.

15.2. Құпиялылық Клиенттің кінәсінен бұзылған жағдайда немесе құпия ақпарат үшінші тұлғаларға басқа дереккөздері арқылы белгілі болған жағдайда Банк жауапкершілікте болмайды.

15.3. Қосылу туралы өтінішті беру кезінде Клиент ағымдағы шоттарды ашу, жүргізу және жабу, Шартта қарастырылған операцияларды жүзеге асыру мақсатында Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне, оларда бекітілген ақпаратты жариялау деңгейін қадағалау қажеттілігін белгілейтін Банктің ішкі құжаттарына сәйкес кез келген ақпаратты жариялауын талап етуге құқылы, ал Клиент Банкке оның талап етуі бойынша кез келген ақпаратты Банк белгілеген мерзімде беруге міндетті.

15.4. Қосылу туралы өтінішті беру кезінде Клиент Банкті сөзсіз және қайтарымсызосы Шарт негізінде Клиенттің қандай да бір қосымша келісімінсіз келесі үшінші тұлғаларға құпия негізде ұсынуға уәкілетті етеді:

а) Клиентке және/немесе Шартқа және/немесе Клиент пен Банк арасында жасалған басқа да шарттарға, соның ішінде күші жойылғандарға қатысты, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленгендей банктік құпия болып табылатын барлық және кез келген ақпаратты, сондай-ақ коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияларды - Банктің ірі қатысушылары болып табылатын заңды тұлғаларға, Банктің үлестес заңды тұлғаларына; уәкілетті мемлекеттік органдар, соттар, құқық қорғау органдарына (соның ішінде анықтау органдарына және/немесе алдын ала тергеу органдарына, ұлттық қауіпсіздік органдарына) олардың сұрауы бойынша немесе Клиент Банк алдындағы міндеттемелерін бұзған жағдайда немесе Клиент Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзған жағдайда, Банк осы Шарт бойынша талап ету құқықтарын берген кез келген үшінші тұлғаларға;

б) Банкке, Банк акционерлеріне және/немесе Банктің үлестес тұлғаларына қызмет көрсету үшін қажет және жеткілікті болып табылатын Клиентке және/немесе Шартқа және/немесе Клиент және/немесе Банк және/немесе үшінші тұлғалар арасында жасалған басқа да шарттарға, соның ішінде күші жойылғандарға қатысты, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленгендей банктік құпия болып табылатын кез келген ақпаратты, сондай-ақ коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияларды, - Банкпен, Банк акционерлерімен және/немесе Банктің үлестес тұлғаларымен аналитикалық сауалнама жүргізу үшін, соның ішінде қарызды қайтару, консультациялық, заңнамалық, аудиторлық қызметтерді көрсету үшін, соның ішінде ақшаны төлеуге және/немесе аударуға байланысты

үшінші тұлғаларға (соның ішінде банк-корреспонденттерді, төлем карточкалары жүйелерін және т.б.) осы қызметтерді көрсету үшін жалданған немесе болашақта жалданатын кез-келген үшінші тұлғаларға, бұл үшінші тұлғалардың Банк, Банк акционерлері және/немесе Банктің үлестес тұлғалары алдында өз міндеттемелерін орындау мақсатында, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде өз қызметін атқару мақсатында (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, мемлекеттік кірістер органдарына есептермені/ақпаратты ұсыну, сондай-ақ ондай ақпаратты/мәліметті ұсыну қажеттілігі/міндеті пайда болатын басқа жағдайларда);

в) Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарына, шетел салық органдарына, сонымен қатар АҚШ салық органдарына (IRS) және шетел салық агенттеріне – Клиентке және/немесе Шартқа және/немесе Клиент пен Банк арасында жасалған басқа да шарттарға, соның ішінде қолданысын тоқтатқандарға қатысты кез келген ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленгендей банктік құпия болып табылатын ақпаратты, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған Халықаралық шарттардың талаптарын іске асыру мақсатында коммерциялық және/немесе заңмен қорғалатын басқа да ақпаратты.

15.5. Осы арқылы Клиент Шарт және/немесе Банкпен өзге мәмілелерді жасасу және оларды орындау шеңберінде, соның ішінде Клиенттің олар бойынша міндеттемелерін тиісті түрде орындауы мақсатында Банк пен Клиент және (немесе) үшінші тұлғалар, соның ішінде Клиент және (немесе) Банкпен қатынастар немесе жағдайлар арқылы байланысқан тұлғалар арасында келесілерді қоса алғанда, бірақ бұлармен шектелмей: банктік және/немесе өзге қызмет көрсетуге, соның ішінде қызметтерді ұсынуға дейін және оларды ұсыну барысында кез келген (бағалау және (немесе) сақтандыру бойынша (қарастырылған болса) және т.б.) әрекеттерді/мәмілелерді жасауға; хабарламаларды, талаптарды жөнелту, сондай-ақ ақпараттандыруға, соның ішінде Банктің қызметтері туралы ақпараттандыруға; кез келген мәліметтер мен ақпаратқа сұрау салу және оны алуға байланысты кез келген қатынастардың, туындауына немесе болашақта туындау мүмкіндігіне байланысты, сондай-ақ ақпаратты жинау, өңдеу және тарату қажеттілігі бар/туындаған өзге жағдайларда Банкке Банктің барлық дереккөзінен Клиент туралы, соның ішінде банктік және заңмен қорғалатын өзге құпия болып табылатын, Клиент (оның өкілі) туралы кез келген ақпаратты (бұдан әрі-«Ақпарат») өңдеуден өткізуіне, таратуына сөзсіз келісімін береді. Ақпаратты жинау, өңдеу және тарату Банктің қарауында Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келмейтін тәсілдермен жүзеге асырылады.

Банк құқылы:

1) Банк заңнама талаптарына, жасалған шарттарға сәйкес және өзге жағдайларда Ақпаратты уәкілетті мемлекеттік органдарға және осы Шартта көрсетілген үшінші тұлғаларға беруге міндетті және құқылы болған кезде Ақпаратты беруге, соның ішінде «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес ақпараттың трансшекаралық берілуін жүзеге асыруға;

2) Ақпаратты таратуға, соның ішінде Заңға сәйкес;

3) Ақпаратқа қол жеткізу шарттарын дербес анықтауға;

4) Банкпен құқықтық қатынастары аяқталғаннан кейін Ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген мерзім бойы кез келген тасымалдаушыларда сақтауға.

Банк Ақпаратты жинау, өңдеу және үшінші тұлғаларға беру туралы Банктің жасаған әрекеттері туралы ешкімге хабарлауға міндетті емес.

Клиент Банк Ақпаратқа өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізуі үшін Банкке тиісінше растау құжаттарын берумен жаңа Ақпарат, Банкке берген Ақпаратқа кез келген өзгертулер және/немесе толықтырулар туралы 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банкке жазбаша хабарлауға міндеттенеді.

16. Қорытынды ережелер

16.1. Шарт Тараптардың оның мәні бойынша толық өзара келісімге келгендігін білдіреді және алдындағы Шарт талаптарына қатысты Тараптар арасында бар жазбаша немесе ауызша келісімдер немесе келісімдерді алмастырады.

16.2. Шарт Тараптар және олардың құқық мирасқорына және уәкілетті өкілдеріне міндетте болып табылады.

16.3. Егер Шарттың қандайда бір ережесі күшін жойса, жарамсыз немесе заңсыз болса, ол Шарттың басқа ережелерінің жарамдылығына және заңдылығына қандай да бір дәрежеде әсер ете алмайды немесе олардың жарамдылығын және заңдылығын әлсірете алмайды. Бұндай жағдайларда Тараптар жарамсыз ережелерді заң күші бар жаңаларына алмастыру үшін бар күшін салады.

16.4. Қосылу туралы өтінішті бере отырып Клиент мыналарды растайды:

а) Шартты жасау және орындау мақсатында Клиенттің берген барлық ақпарат дұрыс, толық және дәл екенін/болатынын;

б) Шартты жасау тарабы Клиент болып табылатын кез келген шартқа, оның құрылтай құжаттарына, сондай-ақ басқа да Клиент орындауға және оған қатысты қолданылатын талаптарға, соның ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасына және Клиент резиденті болып табылатын елдің заңнамасына қайшы келмейтінін және болашақта қайшы келмейтініне;

в) Клиент өз резиденттігі елінің заңнамасына сәйкес тиісті түрде құрылған және тіркелгендігін;

г) Клиент және оның Өкілдері, Уәкілетті тұлғалары осы Шартты жасауға және орындауға қажетті тиісті корпоративтік органдардан/мемлекеттік органдардан барлық құқықтар мен өкілеттіктерге ие екендігін;

д) Клиент табиғи монополия, мемлекеттік сатып алу субъектісі болса немесе оған қатысты қаржылық қызметтерді сатып алудың тәртібі мен шарттары қатысты болатын басқа да талаптар қойылған жағдайда Клиент қаржылық қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының барлық талаптарын орындайды және орындайтын болады, соның ішінде Клиент Банкті қаржы қызметтерін жеткізуші ретінде таңдау жөніндегі барлық қажетті процедураларды жүргізгендігін.

16.5. Клиент Банктің қылмыстық жолмен алынған пайданы заңдастыру, лаңкестік, алаяқтық, жемқорлық және т.б. сияқты қылмыстық іс-әрекеттерге және ақшаны жылыстату схемаларына Банкті тарту жағдайларын болдырмау бойынша белсенді жұмыс істейтінін мойындайды және бұнымен келіседі. Банктің жұмыс стандарты Банк беделін сақтауға және қорғауға, сондай-ақ клиенттердің Банктің адалдығына деген сеніміне күмән келтірмеуіне бағытталған. Осыған байланысты Банк өзінің қалауы бойынша Банк клиенттеріне және кезеңді түрде өзгеріп тұратын Банк клиенттерімен жасалатын мәмілелер және операцияларға белгілі бір талаптар қояды. Осылайша Банкте Банктің

қандай да бір клиенті немесе Банк клиентінің қандай да бір мәмілесі немесе операциясы ерекше/күмәнді клиенттерге және/немесе мәмілелер санатына жатқызылу критерийлері белгілеуі мүмкін.

16.6. Осы арқылы Клиент Шарт бойынша (Уәкілетті тұлғалар және Өкілдер бойынша) Клиент Банкке берген және беруге тиісті дербес мәліметтер субъектілерінің дербес мәліметтеріне қатысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес басқа да жағдайларда Банк осындай мәліметтерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындағанда, Клиент дербес мәліметтер субъектілерінен дербес жинауға, өңдеуге, дербес мәліметтерді үшінші тұлғаға, соның ішінде Банкке оларды жинауға, өңдеуге, дербес мәліметтерді тиісті шетел мемлекетінің берілетін дербес мәліметтерді қорғауын қамтамасыз етуіне қарамастан, егер осындай беру Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаса немесе шектелмесе трансшекаралық беруге келісімін алғандығын растайды.

Банк анықтайтын қажеттілік болған жағдайда Клиент Банкке Клиенттің дербес мәліметтер субъектілерінен алынған дербес мәліметтерді жинауға және өңдеуге, дербес мәліметтерді үшінші тұлғаларға, сондай-ақ Банкке беруге, олардың Банк трансшекаралық беруге жинау және өңдеуіне келісімдерін растайтын құжаттарды береді.

Жоғарыда аталған келісімдердің болмауына Клиент жауапкершілікте болады. Банкке қатысты дербес мәліметтер туралы заңнамаларды бұзғаны үшін қандайда бір шара қолданылатын болса, Клиент Банкке Банктің талап етуі бойынша Банкке келтірілген кез келген шығынды және залалды өтеуге міндеттенеді.

16.7. Жемқорлыққа қарсы ескертпе.

Осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлері немесе делдалдары:

а) тура немесе жанама түрде ақшаны немесе құндылықтарды кез келген тұлғаға, осы тұлғалардың іс-әрекеттері немесе шешімдеріне қандайда бір заңға қайшы немесе заңсыз мақсаттарға қол жеткізу мақсатында әсер ету үшін төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді;

б) Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын пара беру/алу, коммерциялық пара ұсыну, жемқорлық сияқты іс-әрекеттерді орындамайды.

Шарттың әр тарабы қандай да бір дәрежеде екінші Тарап қызметкерлерін/өкілдерін ынталандырудан, ақша, сыйлық ұсынудан, оларға қатысты өтеусіз жұмыстар істеу (қызметтер көрсету) және Тарап қызметкерлерін/өкілдерін белгілі бір тәуелділікке итермелейтін және осы қызметкер/өкіл оның Тарабын ынталандыру пайдасына қандайда бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған осы тармақта көрсетілмеген басқа да тәсілдерден бас тартады.

Қызметкердің оны ынталандыратын Тарап/Клиент пайдасына жүзеге асырылатын іс-әрекеті дегеніміз:

а) басқа контрагенттермен салыстырғанда негізсіз артықшылықтар жасау;

б) қандайда бір кепілдіктерді беру;

в) қолданыстағы процедураларды жеделдету;

г) Қызметкер өзінің лауазымдық міндеттемелері шеңберінде орындайтын, бірақ Тараптар арасындағы өзара қарым-қатынасының адалдығы және ашықтығы принциптеріне қайшы келетін басқа да іс-әрекеттер.

16.8. Баптардың орналасу тәртібі, баптардың атаулары және Шарттағы басқа да тақырыптар ыңғайлы болу үшін пайдаланылған және оларда Шарттың қандай да бір ережелерін шектеулер, сипаттаулар немесе түсіндірулер берілмейді.

16.9. Шарт орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде жасалған. Шарттың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінде алшақтық болған жағдайда Шарттың орыс тіліндегі мәтініне басымдық берілетін болады.

16.10. Осы Шарт Клиенттің талап етуі бойынша оған Шот ашылғанда және Шартта қарастырылған басқа да қызметтер көрсетілгенде оларды қолдану, орындау және сақтау ыңғайлы болу үшін тапсырылады. Егер Клиент Шартта көрсетілгендерден басқа Банк көрсететін басқа да қызметтердің көрсетуін қаласа, тиісті қызметтердің көрсетуіне жеке шарттар жасауы, сонымен қатар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және/немесе Банктің ішкі саясатында, стандарттарында, процедураларында, Банктің басқа да ішкі нормативтік құжаттарында қарастырылған талаптарды орындау талап етіледі.

16.11. Осы Шарттың талаптарына сәйкес жолдануы тиіс барлық хабарламалар поштамен/факспен/электрондық мекенжайға/«Интернет-Банкинг» жүйесі арқылы/ осы Шарттың Қосылу туралы өтінішінде көрсетілген Клиенттің телефон нөмірі бойынша SMS-хабарламаны жіберу арқылы жолданады.

Банктің деректемелері

050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 242-үй

26.04.2019 ж. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы

БСН 920140000084

ҚР ҰБ ЖСК KZ48125KZT1001300336

БСК TSESKZKA